| | | |
|---|---|---|
| | Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен) | |
| Мейірімді достарым | Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.<br>Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну).<br>«Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу.<br>Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау (ресурстарға сілтеме: | 07.06 |
| Саялы бақ | «Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.<br>Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау.<br>Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау.<br>Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау.<br>Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу.<br>Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі».<br>Ағаштардың суретін салу. | 08.06 |
| Сыр сандық | Таныс ертегі қойылымдарын сахналау.<br>«Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру. | 09.06 |
| **3 апта «Жаз да келді, көңілді (12.06-16.06)** | | |
| Сабын көпіршіктері күні | Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат.<br>«Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу.<br>«Жедел жәрдем» театрландырылған ойыны.<br>«Дәрігер» сюжетті – рөлдік ойыны.<br>Су әлемі туралы жұмбақтар шешу, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету | 12.06 |
| Теңіздегі тіршілік | Су ханшайымымен саяхат.<br>«Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге).<br>«Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар. | 13.06 |
| Сүйкімді кірпі | «Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу.<br>Көркем шығарма оқып беру. | 14.06 |